

Валюта құндылықтарын пайдалануға байланысты қызметті лицензиялау ережесі

Құшiн жойған

Қаулы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1997 жылғы 24 сәуірдегі N 130. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 9 маусымда тіркелді. Тіркеу N 314. Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 18 қаңтардағы N 26 ~V021775 қаулысымен.

Ескерту: Ереженің атауы жаңа редакцияда жазылды -

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының

2000 жылғы 20 шілдедегі N 309 қаулысымен. V001207_

Осы Ереже Қазақстан Республикасының "Валюталық реттеу туралы" 1996 жылғы 24 желтоқсандағы Заңына Z960054_ , Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы" Z952155_ 1995 жылғы 30 наурыздағы және "Лицензиялау туралы" Z952200_ 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заң күші бар Жарлықтарына сәйкес әзірленді және шет ел валютасын пайдалануға байланысты қызметті лицензиялау тәртібін белгілейді.

1. Қолдағы шет ел валютасына бөлшек сауданы жүзеге асыруға және қызмет көрсетуге байланысты қызметті лицензиялау

1.1. Қазақстан Республикасының аумағында қолдағы шет ел валютасына бөлшек сауда мен қызмет көрсету Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі беретін лицензиялар негізінде жүзеге асырылады.

1.2. Қолдағы шет ел валютасына бөлшек сауданы жүзеге асыруға және қызмет көрсетуге арналған лицензиялар осы ережемен, лицензиялау мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілермен және Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарымен белгіленген тәртіппен беріледі.

1.3. Осы ереженің 1.3.1. тармағында көзделгеннен басқа жағдайларда, қолма-қол шетел валютасымен бөлшек сауда жасау және қызмет көрсету лицензияларын Қазақстан Республикасының кеден аймағының әуежайларындағы , айлақтардағы және халықаралық қатынас үшін ашылған шекарадан өтетін жерлердегі, сондай-ақ теңіз, авиация, теміржол және халықаралық тасымалдауды жүзеге асыратын автомобиль көлігіндегі кедендік бақылауымен өз қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдары береді. <*>

Ескерту: 1.3-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі
Басқармасының 1999 жылғы 23 қыркүйектегі
N 304 қаулысымен. V990983_

1.3.-1."Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қолма-қол шетел валютасымен бөлшек сауда жасау және қызмет көрсету лицензияларын қонақ үйлерде қызмет көрсететін және оларға 4 немесе 5 жұлдызды категория берілгені туралы уәкілетті органның сертификаты бар заңды тұлғаларға осы қонақүйде тұратын Қазақстан Республикасының резиденті емес клиенттермен есеп айырысу үшін береді. <*>

Ескерту: 1.3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі
Басқармасының 1999 жылғы 23 қыркүйектегі
N 304 қаулысымен. V990983_

1.4. Заңды тұлғалар қолма-қол шетел валютасымен бөлшек сауда жасау және қызмет көрсету лицензияларын алу үшін осы Ереженің 1.3. тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына және осы Ереженің 1.3.-1. тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне мынадай құжаттарды: <*>

шет ел валютасы үшін сатуға ұсынылатын тауарлар мен қызметтер тізбесімен қоса қолдағы шет ел валютасына бөлшек сауданы жүзеге асыруға және қызмет көрсетуге арналған лицензиялар беру туралы өтінішті(заңды тұлға - шағын кәсіпкерлік субъектісі ұсынған өтініште заңды тұлғаның шағын кәсіпкерлік субъектісі болып табылатындығын растайтын жазба жасалуы тиіс); <*>

қолдағы шет ел валютасына бөлшек сауданы жүзеге асыру және қызмет көрсету қажеттігінің экономикалық негіздемесін;

нотариалды куәландырылған құрылтай құжаттарының көшірмесін;

нотариалды куәландырылған Қазақстан Республикасының өкілетті органында мемлекеттік тіркеуден өткені туралы куәліктің көшірмесін;

салық төлеуші ретінде есепке қойылғаны туралы салық органының анықтамасын;

заңды тұлғада валюталық шоттың бар екендігі туралы өкілетті банктің анықтамасын;

лицензиялық алымның төленгенін қуаттайтын құжатты;

инкассацияға арналған шартты;

1.3.-1. тармағында көзделген жағдайлар үшін - уәкілетті орган берген сертификаттың нотариус куәландырған көшірмесін; <*>

қолдағы шет ел валютасымен жұмыс істеу жөніндегі заңды тұлға қызметкерлерінің кәсіптік даярлығын қуаттайтын уәкілдік берілген банктің анықтамасын немесе өзге де құжаттарын ұсынады;

салық органының соңғы есептік күнгі белгісі қойылған заңды тұлғаның

жылдық балансы (шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін). <*>

Ескерту: 1.4-тармақтың бірінші азат жолы жаңа редакцияда жазылды және жаңа азат жолмен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 23 қыркүйектегі N 304 қаулысымен. V990983_

Ескерту: 1.4-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 20 шілдедегі N 309 қаулысымен. V001207_

1.5. Қолдағы шет ел валютасына бөлшек сауданы жүзеге асыруға және қызмет көрсетуге арналған лицензияларды беру туралы өтінішті осы ережеге сәйкес барлық қажетті құжаттарды берген күннен бастап бір ай мерзімде қарауы тиіс. <*>

Шағын кәсіпкерлік субъектілері ұсынған шетел валютасына бөлшек сауданы жүзеге асыруға және қызмет көрсетуге арналған лицензияларды беру туралы өтініш осы Ережеге сәйкес барлық қажетті құжаттарды берген күннен бастап он күн мерзімде қаралуы тиіс. <*>

Ескерту: 1.5-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 23 қыркүйектегі N 304 қаулысымен. V990983_

Ескерту: 1.5-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 20 шілдедегі N 309 қаулысымен. V001207_

1.6. Қолма-қол шетел валютасымен бөлшек сауда жасау және қызмет көрсету үшін бас лицензия беріледі, оны басқаға беруге болмайды. <*>

Ескерту: 1.6-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 23 қыркүйектегі N 304 қаулысымен. V990983_

1.7. Қолдағы шет ел валютасына бөлшек сауданы жүзеге асыруға және қызмет көрсетуге арналған лицензияларды алуға өтініш берген заңды тұлғаларға мынадай біліктілік және техникалық талаптар қойылады:

а) біліктілік талаптары:

заңды тұлғалар басшыларының Қазақстан Республикасының аумағында валюталық операцияларды жүргізу тәртібін реттейтін қолданылып жүрген заңдардың жеткілікті білімі болуы керек;

қолдағы шет ел валютасына бөлшек сауданы жүзеге асырумен және қызмет көрсетумен тікелей айналысатын заңды тұлға қызметкерлерінде қолдағы шет ел валютасымен жұмыс жөніндегі олардың кәсіптік әзірлігін қуаттайтын өкілетті банктің анықтамасы немесе өзге де құжаты болуы тиіс;

б) техникалық талаптары:

кассалық үйлердің техникалық жарақтандырылуы (ақша белгілерінің шынайылығын белгілеуге арналған құралдар, тыңдап, еске сақтайтын кассалық аппараттар және т.б.);

құндылықтар қоймаларын тиісті ұйымдастыру (жанбайтын шкафтар, күзет және өрт дабылдары және т.б.);

түсімді инкассациялауды ұйымдастыру;

қажетті техникалық талаптарға сай келетін үйлердің болуы.

1.8. Лицензиялар берілер алдында қолдағы шет ел валютасына бөлшек сауданы жүзеге асыратын және қызмет көрсететін заңды тұлғаны есепке алу мен бақылауды ұйымдастыру жүйесі сол жерде тексеріледі, оған қоса мынадай мәселелер анықталады:

техникалық және біліктілік талаптарына сәйкестігі;

бухгалтерлік және жедел есепке алудың дұрыс қойылуы;

құжат айналымын дұрыс ұйымдастыру;

кадрлардың даярлануы мен шоғырлануына қойылатын талаптардың болуы және сақталуы.

1.9. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдары беретін лицензиялар бойынша тексеруді аумақтық филиалдар құратын комиссия, ал Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі беретін лицензиялар бойынша - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі құратын комиссия жүзеге асырады. Комиссияның тексеру нәтижелері бойынша қолдағы шет ел валютасына бөлшек сауданы жүзеге асыруға және қызмет көрсетуге арналған лицензиялар беру мүмкіндігі туралы қорытынды жасалады. <*>

Ескерту: 1.9.-тармақтың бірінші сөйлемі жаңа редакцияда жазылды -

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 23 қыркүйектегі
N 304 қаулысымен. V990983_

1.10. Қолдағы шет ел валютасына бөлшек сауданы жүзеге асыруға және қызмет көрсетуге арналған лицензиялар беруден бас тарту заңды тұлға осы ереженің 1.4, 1.7-тармақтарында көрсетілген талаптарға сай келмеген немесе қасақана теріс ақпараттар берген жағдайда жүргізіледі.

1.11. Қолдағы шет ел валютасына бөлшек сауданы жүзеге асыруға және қызмет көрсетуге арналған лицензияларды беруден бас тартылған жағдайда өтініші иесіне бас тарту себебін көрсетіліп жазбаша түрде дәлелдер келтіріліп жауап қайтарылады.

1.12. Қолдағы шет ел валютасына бөлшек сауданы жүзеге асыруға және қызмет көрсетуге арналған лицензияларды тоқтату немесе кері шақырып алу мынадай негіздер бойынша:

лицензия мазмұнындағы талаптар қызмет процесінде сақталмағанда;

қолданылып жүрген заңдарды жүйелі түрде бұза отырып (ағымдағы алты күнтізбелік ай ішінде үш және одан да көп рет бұзып) операциялар жүргізгенде;

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалының және/немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақпарат бермегенде немесе

қасақана теріс ақпарат бергенде жүргізіледі;

1.3.-1 тармағында көзделген жағдайлар үшін - сертификат мерзімінің аяқталғанда, қолданылуын уақытша тоқтатқанда не күшін жойғанда. <*>

Ескерту: 1.12-тармақ өзгертілді, жаңа азат жолмен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 23 қыркүйектегі N 304 қаулысымен. V990983_

1.13. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалының және/ немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолдағы шет ел валютасына бөлшек сауданы жүзеге асыруға және қызмет көрсетуге арналған лицензиялардың күшін тоқтатуға себебін және анықталған тәртіп бұзушылықты жою жөніндегі шараларды көрсете отырып алты айға дейінгі мерзімге тоқтатуға құқылы. <*>

Ескерту: 1.13-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 23 қыркүйектегі N 304 қаулысымен. V990983_

1.14. Қолдағы шет ел валютасына бөлшек сауданы жүзеге асыруға және қызмет көрсетуге арналған лицензиялар өз күшін мынадай жағдайларда: <*> лицензия кері шақырылып алынғанда;

заңды тұлғалар қайта құрылғанда немесе таратылғанда тоқтатылады.

Ескерту: Екінші азат жолы алынып тасталынды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 20 шілдедегі N 309 қаулысымен. V001207_

1.15. Қолдағы шет ел валютасына бөлшек сауданы жүзеге асыруға және қызмет көрсетуге арналған лицензиялар алған заңды ұйым тауарлар мен қызмет көрсетуге төлем жасауға шет ел валютасымен қатар Қазақстан ұлттық валютасы - қазақстан теңгесін де қабылдауға міндетті.

1.16. Қолма-қол шетел валютасымен бөлшек сауда жасауға және қызмет көрсетуге лицензия алған лицензиат осы Ереженің 4 қосымшасына сәйкес ай сайын мәліметтер беріп отырады. <*>

Ескерту: 1.16-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 23 қыркүйектегі N 304 қаулысымен. V990983_

2. Валюталық құндылықтардың резиденттерден резидент еместердің пайдасына көшуін (ауысуын) көздейтін капитал қозғалысына байланысты операцияларды лицензиялау.

2.1. Валюталық құндылықтардың резиденттерден резидент еместердің пайдасына көшуін (ауысуын) көздейтін капитал қозғалысына байланысты операциялар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі беретін лицензия негізінде жүзеге асырылады.

Валюталық құндылықтардың резиденттерден резидент еместердің пайдасына көшуін (ауысуын) көздейтін капитал қозғалысына байланысты операциялардың

мына түрлері лицензиялауға жатады:

- резиденттердің шетелге инвестициялары;
- резиденттерден резидент еместердің пайдасына жылжымайтын мүліктің мүліктік және басқа да құқықтарына төленетін ақша аударылымдары;
- резидент еместерге экспорттық-импорттың мәмілелер бойынша 180 күннен астам мерзімге несие беруге байланысты резиденттердің есеп айырысулары;
- резиденттердің резидент еместерге 180 күннен астам мерзімге несие беруі.

2.2. Осы Ереженің 2.2.-1-тармағында көзделген жағдайларды ескермегенде, валюталық құндылықтардың резиденттерден резидент еместердің пайдасына көшуін (ауысуын) көздейтін капитал қозғалысына байланысты операциялар жасауға арналған лицензиялар алу үшін Қазақстан Ұлттық Банкіне мынадай құжаттар: <*>

өтініш (заңды тұлға - шағын кәсіпкерлік субъектісі ұсынған өтініште заңды тұлғаның шағын кәсіпкерлік субъектісі болып табылатындығын растайтын жазба жасалуы тиіс); <*>

заңды тұлғалар үшін нотариалды куәландырылған құрылтай құжаттардың көшірмесі;

жеке тұлғалар үшін жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмесі;

резидент еместермен шарттардың көшірмесі немесе төлем жасаудың негізділігін қуаттайтын өзге де құжаттар;

100 мың АҚШ долларына пара-пар сомадан асатын операцияларға Қазақстан Республикасының Экономика министрлігінің жазбаша келісімі; <*>

салық қызметі органының өтініш беруге дейінгі 10 күнтізбелік күн бұрын берген салық және бюджетке төленетін басқа да төлемдер бойынша берешегі жоқ екендігі туралы берген құжаты (заңды тұлғалар, сондай-ақ заңды тұлға құрмастан кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырушы жеке тұлғалар үшін). Құжаттар толық тапсырылмаған жағдайда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өтініш берушіден салық қызметі органының өтініш беруге дейінгі 10 күнтізбелік күн бұрын берген салық және бюджетке төленетін басқа да төлемдер бойынша берешегі жоқ екендігі туралы кейінгі мерзімде берген құжатын сұратуға құқылы; <*>

салық органының соңғы есептік күнгі белгісі қойылған заңды тұлғаның жылдық балансы (шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін); <*>

лицензиялық алымға төлем жасағанын қуаттайтын құжаттар ұсынылады.

Ескерту: 2.2-тармақ толықтырылды және өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі

Басқармасының 2000 жылғы 20 шілдедегі N 309

қаулысымен. V001207_

Ескерту: 2.2-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының

2000 жылғы 20 шілдедегі N 308 қаулысымен. V001208_

2.2.-1. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар валюталық құндылықтардың резиденттерден резидент еместердің пайдасына көшуін (ауысуын) көздейтін капитал қозғалысына байланысты операциялар жасауға лицензия алу үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне мынадай құжаттар ұсынады:

- 1) өтініш;
 - 2) құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелері;
 - 3) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органы берген зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияның нотариат куәландырған көшірмесі;
 - 4) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға резидент еместердің бағалы қағаздарына инвестиция жасауға жазбаша келісімі;
 - 5) кастодиандық шарттың нотариат куәландырған көшірмесі;
 - 6) лицензия беру туралы өтініш бергенге дейін 10 күнтізбелік күннен аспайтын уақыт бұрын берілген бюджетке салық және басқа міндетті төлемдер бойынша берешегінің жоқ екендігі жөніндегі салық органының құжаты.
- Құжаттар пакеті толық берілмеген жағдайда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өтініш берушіден ең соңғы мерзімдегі бюджетке салық және басқа міндетті төлемдер бойынша берешегінің жоқ екендігі туралы салық қызметі органының құжатын сұратуға құқылы. <*>

Ескерту: 2.2.-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 20 шілдедегі N 308 қаулысымен. V001208_

2.3. Валюталық құндылықтардың резиденттерден резидент еместердің пайдасына көшуін (ауысуын) көздейтін капитал қозғалысына байланысты операциялар жасауға арналған лицензиялар беру туралы өтінішті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі осы ережеге сәйкес барлық қажетті құжаттарды ұсынған күннен бастап бір ай мерзімде қарауы тиіс.

Шағын кәсіпкерлік субъектілері ұсынған капитал қозғалысына байланысты операцияларды жүзеге асыруға және қызмет көрсетуге арналған лицензияларды беру туралы өтініш осы Ережеге сәйкес барлық қажетті құжаттарды берген күннен бастап он күндік мерзімде қаралуға тиіс. <*>

Ескерту: 2.3-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 20 шілдедегі N 309 қаулысымен. V001207_

2.4. Валюталық құндылықтардың резиденттерден резидент еместердің пайдасына көшуін (ауысуын) көздейтін капитал қозғалысына байланысты операциялар жасауға лицензиялар беруден бас тарту осы ереженің 2.2

тармағында көзделген барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда, сондай-ақ операциялар қолданылып жүрген заңдарға сәйкес келмеген немесе біле тұра теріс ақпараттар берген жағдайда жүргізіледі.

2.5. Валюталық құндылықтардың резиденттерден резидент еместердің пайдасына көшуін (ауысуын) көздейтін, капитал қозғалысына байланысты операцияларды жасауға арналған лицензиялар алған лицензиат лицензияның берілген шартын сақтауға және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тоқсан сайын осы ереженің 1 және 2 қосымшаларына сәйкес мәліметтерді ұсынуға міндетті.

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне осы Ереженің N 5 қосымшасына сәйкес мәліметтер беруге міндетті. <*>

Ескерту: 2.5-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 20 шілдедегі N 308 қаулысымен. V001208_

2.6. Валюталық құндылықтардың резиденттерден резидент еместердің пайдасына көшуін (ауысуын) көздейтін, капитал қозғалысына байланысты операцияларды жасауға арналған лицензияларды тоқтату немесе кері шақырып алу мынадай жағдайларда:

лицензия мазмұнындағы талаптарды сақтамағанда;

Ұлттық Банкке ақпараттарды бермеген немесе қасақана теріс ақпараттар бергенде;

қолданылып жүрген валюталық заңдарды бұзғанда жүргізіледі.

2.7. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға берілетін бас лицензиялардан басқа, валюталық құндылықтардың резиденттерден резидент еместердің пайдасына көшуін (ауысуын) көздейтін, капитал қозғалысына байланысты операцияларды жасауға арналған лицензиялар бір жолғы болып табылады. <*>

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға берілген (зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға арналған) лицензияның қолданылуы тоқтатылған не қайтарылып алынған жағдайда бас лицензия өз күшін жояды. <*>

Ескерту: 2.7-тармақ толықтырылды және өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 20 шілдедегі N 308 қаулысымен. V001208_

2.8. Валюталық құндылықтардың резиденттерден резидент еместердің пайдасына көшуін (ауысуын) көздейтін, капитал қозғалысына байланысты операцияларды жасауға арналған лицензиялар өз күшін лицензияда көзделген барлық операцияларды аяқтағанда тоқтатады.

2.9. Валюталық құндылықтардың резиденттерден резидент еместердің пайдасына көшуін (ауысуын) көздейтін, капитал қозғалысына байланысты операцияларды жасауға арналған лицензиялар берілген лицензиялар негізінде жүргізілген операциялар бойынша резидент міндеттемелеріне қатысты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тарапынан қандай да бір міндеттемесіз беріледі.

2.10. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға резидент еместердің бағалы қағаздарға инвестициялары бойынша шектеулер (инвестиция көлемі, бағалы қағаздардың түрлері бойынша және т.б.) қолданылып жүрген заңдарға және Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес белгіленеді. <*>

Ескерту: 2.10-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 20 шілдедегі N 308 қаулысымен. V001208_

3. Шет елдерде резиденттердің шоттар ашуын лицензиялау

3.1. Резиденттердің өздері тіркелген мемлекет заңдары бойынша банк операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар шет ел банктері мен қаржы институттарында (бұдан әрі шет ел банктері), Қазақстан Республикасының валютасындағы шоттарды қоса алғанда, шоттар ашуы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі беретін лицензиялар негізінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері шет елдердегі шет ел банктерінде есепшоттарды Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері мен шет ел банктері арасында жасалған тиісті шарттарда көзделген негізде және тәртіппен ашады. <*>

Ескерту: Тармақ жаңа абзацпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 30 қазандағы N 413 қаулысымен. V001362_

3-1. Резидент кредит ретінде резидент еместен алатын шетел валютасын үшінші тұлғаның есепшотына есептеу жөніндегі операцияларды лицензиялау <*>

Ескерту: 3-1-тараумен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 30 қазандағы N 413 қаулысымен. V001362_

3-1.1. Резидент кредит ретінде резидент еместен алатын шетел валютасын үшінші тұлғаның есепшотына есептеу жөніндегі операциялар Қазақстан

Республикасының Ұлттық Банкі беретін лицензия негізінде жүзеге асырылады.

3-1.2. Кредит ретінде резидент еместен алынатын шетел валютасын үшінші тұлғаның есепшотына есептеуді көздейтін мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген заемдарды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі лицензияламайды.

3-1.3. Резиденттер осы Ереженің 3-1.4-тармағының 6 және 7-азатжолдарында айқындалған құжаттарға қол қойылғаннан кейін бір айлық мерзімде, бірақ жасалған шарттар мен келісім-шарттар бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі басталғанға дейін лицензия алу үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне өтініш беруге міндетті.

3-1.4. Резидент кредит ретінде резидент еместен алатын шетел валютасын үшінші тұлғаның есепшотына есептеу жөніндегі операцияларды жүргізуге лицензия алу үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне мынадай құжаттар ұсынылады:

резиденттің, шетелдік кредитордың және үшінші тұлғаның деректемелерін көрсете отырып резидент кредит ретінде резидент еместен алатын шетел валютасын үшінші тұлғаның есепшотына есептеу жөніндегі операцияларды жүргізу қажеттігі экономикалық негізделген өтініш (заңды тұлға - шағын кәсіпкерлік субъектісі ұсынған өтініште осы заңды тұлғаның шағын кәсіпкерлік субъектісі екендігін растайтын жазба жасалуы тиіс);

заңды тұлғалар үшін құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелері;

заңды тұлғаны Қазақстан Республикасының уәкілетті органында мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нотариат куәландырған көшірмесі;

жеке тұлғалар үшін жеке басын куәландыратын құжаттың нотариат куәландырған көшірмесі;

сақтандыру ұйымымен жасалған нотариат куәландырған кредиттік келісімнің көшірмелері, нотариат куәландырған сақтандыру шартының көшірмелері (үзінділері) және/немесе тізбесі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысымен белгіленген жетекші рейтингтік агенттіктердің рейтингі бар, бірақ Қазақстан Республикасына берілген рейтингтен төмен емес рейтингі бар банкпен жасалған кепілдік шартының және Қазақстан Республикасының уәкілетті банкіндегі заңды тұлғаның есепшотына не Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің тиісті лицензиясы болған жағдайда кредит ретінде алынған шетел валютасын шетелдік банктегі оның есепшотына есептеу мүмкін еместігін растайтын басқа құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелері. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тізбесін анықтаған жетекші рейтинг агенттіктерінің бірі белгілеген тиісті АА рейтингінен төмен болмайтын тәуелсіз кредиттік рейтингі бар елдің экспорттық кредиттері жөніндегі мемлекеттік агенттікте сақтандырылған экспорт-импорт мәмілесін

қаржыландыру үшін кредит алған жағдайда - халықаралық рәсімдерге сәйкес басқа растайтын құжаттар берілуі мүмкін;

кредиттік келісім шеңберінде жасалған келісім-шарттар мен шарттардың нотариат куәландырған көшірмелері;

баламасы 100 мың АҚШ долларынан асатын сомаға резидент кредит ретінде резидент еместен алатын шетел валютасын үшінші тұлғаның есепшотына есептеу жөнінде операциялар жүргізуге Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің жазбаша келісімі;

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне аударым жасалған күнді көрсете отырып, кредиттік келісім шегінде үшінші тұлғаның пайдасына аударылған ақша сомасы туралы ақпаратты, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сұратуы бойынша өзге де ақпараттарды тоқсан сайын беріп отыруға шетелдік кредитордың орыс тіліне немесе мемлекеттік тілге нотариат куәландырған аудармасы бар жазбаша келісімі. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тізбесін анықтаған жетекші рейтинг агенттіктерінің бірі белгілеген тиісті АА рейтингінен төмен болмайтын тәуелсіз кредиттік рейтингі бар елдің экспорттық кредиттері жөніндегі мемлекеттік агенттікте сақтандырылған экспорт-импорт мәмілесін қаржыландыру үшін кредит алған жағдайда - мұндай ақпарат беру туралы өтініш берушінің жазбаша келісімі;

салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешегі жоқ екендігі туралы өтініш бергенге дейін 10 күнтізбелік күн ішінде берілген салық қызметі органының құжаты. Құжаттар түгел тапсырылмаған жағдайда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өтініш берушіден салық қызметі органының салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешегі жоқ екендігі туралы кейінірек берген құжатын сұратуға құқылы;

заңды тұлғаның соңғы есеп беру күніндегі салық органы қойған белгісі бар жылдық балансы мен қызметкерлердің саны жөнінде ақпарат бар заңды тұлға қызметінің негізгі көрсеткіштері туралы статистикалық орган қойған белгісі бар есеп берілетін соңғы күндегі статистикалық есептің көшірмесі (шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін);

лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттардың көшірмелері (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі лицензия беру туралы шешім қабылдағаннан кейін беріледі).

3.1.5. Қазақстан Республикасының резиденті шетелдік кредитормен бас кредиттік келісім жасаған жағдайда осы Ереженің 3-1.4-тармағының 7-азатжолында көрсетілген құжаттарды алу үшін лицензия керек емес. Резидент осы құжаттарға қол қойылғаннан кейін 10 күн ішінде оны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне беруге міндетті.

3-1.6. Қазақстан Республикасының резиденті шетелдік кредитормен сомасы бойынша шектеусіз бас кредиттік келісім жасаған жағдайда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі әрбір жеке жағдайға бөлек белгіленетін белгілі бір сомаға резидент кредит ретінде резидент еместен алатын шетел валютасын үшінші тұлғаның есепшотына есептеу жөніндегі операцияларды жүргізуге лицензия береді. Лицензиат Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясында көрсетілген барлық сомаға операция жүргізгеннен кейін ол Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне жаңа лицензия алу үшін өтініш беруге міндетті.

3-1.7. Резидент кредит ретінде резидент еместен алатын шетел валютасын үшінші тұлғаның есепшотына есептеу жөніндегі операцияларды жүргізуге лицензия алған не осындай лицензияны алатын резидент Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талап етуі бойынша барлық қажетті құжаттардың нотариат куәландырған аудармасын ұсынуға міндетті.

3-1.8. Резидент кредит ретінде резидент еместен алатын шетел валютасын үшінші тұлғаның есепшотына есептеу жөніндегі операцияларды жүргізуге лицензия беру туралы өтінішті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі осы Ережеге сәйкес барлық қажетті құжаттар тапсырылған күннен бастап бір айдың ішінде қарауы тиіс.

Резидент кредит ретінде резидент еместен алатын шетел валютасын үшінші тұлғаның есепшотына есептеу жөніндегі операцияларды жүргізуге лицензия беру туралы шағын кәсіпкерлік субъектісі ұсынған өтінішті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі осы Ережеге сәйкес барлық қажетті құжаттар тапсырылған күннен бастап он күн ішінде қарауы тиіс.

3-1.9. Резидент кредит ретінде резидент еместен алатын шетел валютасын үшінші тұлғаның есепшотына есептеу бойынша операциялар жүргізуге лицензия беруден мынадай жағдайларда бас тартылады:

- 1) шетел кредиторы ұсынған құжаттарда резиденттің резидент еместен кредит ретінде алатын шетел валютасын үшінші тұлғаның есепшотына міндетті түрде есептеу туралы талаптар болмаса;
- 2) осы Ереженің 3-1.4-тармағында көзделген құжаттар түгел тапсырылмаса;
- 3) операциялар қолданылып жүрген заңдарға сәйкес келмесе немесе әдейі жалған ақпарат берілсе.

3-1.10. Резидент кредит ретінде резидент еместен алған шетел валютасын үшінші тұлғаның есепшотына есептеу жөніндегі операцияларды жүргізуге лицензия алатын лицензиат:

- 1) лицензия беруге негіз болған талаптарды сақтауға;
- 2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тоқсан сайын есеп берілетін кезеңнен кейінгі айдың 10-на дейін осы Ереженің N 6 қосымшасына сәйкес

резидент еместердің кредиттік келісім шеңберінде жасалған келісім-шарттар бойынша міндеттемелерді орындағанын растайтын құжаттардың көшірмесі (кеден-жүк декларациясының және/немесе өзге құжаттардың көшірмесі) қоса берілген есепті ұсынуға міндетті.

3-1.11. Резидент кредит ретінде резидент еместен алатын шетел валютасын үшінші тұлғаның есепшотына есептеу жөніндегі операцияларды жүргізуге берілген лицензия:

- 1) лицензиядағы талаптар сақталмаған жағдайда;
- 2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ақпарат ұсынылмаған жағдайда немесе әдейі жалған ақпарат ұсынылған жағдайда;
- 3) лицензиат қолданылып жүрген заңдарды бұзған жағдайда қолдану тоқтатылады не қайтарып алынады.

3-1.12. Резидент кредит ретінде резидент еместен алатын шетел валютасын үшінші тұлғаның есепшотына есептеу жөніндегі операцияларды жүргізуге берілген лицензия біржолғы лицензия болып табылады және кредиттік келісім мен оның шегінде жасалған келісім-шарттарда көзделген барлық міндеттемелер орындалғаннан кейін қолдану тоқтатылады. Резидент кредит ретінде резидент еместен алатын шетел валютасын үшінші тұлғаның есепшотына есептеу жөніндегі операцияларды жүргізуге берілген лицензияны басқа адамдарға беруге болмайды.

3-1.13. Резидент кредит ретінде резидент еместен алатын шетел валютасын үшінші тұлғаның есепшотына есептеуге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі берген лицензияның болуы заемшы-резиденттерді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің құқықтық нормативтік актілеріне сәйкес резидент еместерден алған кредитті тіркеуден өткізу жауапкершілігінен босатпайды.

3-1.14. Резидент кредит ретінде резидент еместен алатын шетел валютасын үшінші тұлғаның есепшотына есептеу жөніндегі операцияларды жүргізуге берілген лицензия негізінде жүргізілген операциялар бойынша резиденттің міндеттемелеріне қатысты Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тарапынан қандай да бір міндеттемелерсіз беріледі

3.2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі нақты валюталық операцияларды жүргізу ерекшелігін ескере отырып Қазақстан Республикасындағы өкілетті банктер арқылы мұндай операцияларды жүргізу мүмкін болмаған кезде тыс шет ел банктерінде резиденттердің шоттар ашуына лицензиялар беруге өтінішті қарайды.

3.3. Қазақстан Республикасындағы жеке тұлғалар-резиденттердің шет ел банктерінде шоттар ашуына лицензияларды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдары береді.

Жұмыс, оқу немесе емделу мақсатымен, сондай-ақ басқа да ізгілік

байланыстарды жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасынан тысқары болған жеке тұлғалардан-резиденттерден аталған мақсаттар бойынша олардың уақытша болуы кезеңінде шет елдерде шоттар ашуына лицензия талап етілмейді. Жұмыстың, оқудың, емделудің немесе басқа да ізгілікті байланыстарды жүзеге асырудың аяқталуына байланысты шет елден қайтқанда жеке тұлғалар-резиденттер бір ай мерзімде аталған мақсаттар үшін шет елде ашқан шоттарды жабуы немесе осы ережеде көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясын алуы қажет. <*>

Ескерту: 3.3-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 23 қыркүйектегі N 304 қаулысымен. V990983_

3.4. Валюталық шоттар, сондай-ақ шет елдердегі банктерде Қазақстан Республикасының валютасындағы шоттар ашуға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясын алу үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне мынадай құжаттар:

1) заңды тұлғалар - Қазақстан Республикасының резиденттері: <*>
заңды тұлға мен қай жерден шот ашуы көзделіп отырған шет ел банкінің реквизиттерін көрсете отырып шет елдерден валюталық шот ашу қажеттігіне өтінішті және экономикалық негіздемені(шағын кәсіпкерлік субъектісі заңды тұлға берген өтініште осы заңды тұлғаның шағын кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын растайтын жазба болуы тиіс); <*>

заңды тұлғаның құрылтай құжаттарының нотариалды куәландырылған көшірмесін; <*>

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шет елдерде шот ашуға келісімі жөніндегі шешімін;

лицензия беру туралы өтініш бергенге дейін 10 күнтізбелік күннен аспайтын уақыт бұрын берілген бюджетке салық және басқа міндетті төлемдер бойынша берешегінің жоқ екендігі жөніндегі салық органының құжаты. Құжаттардың толық пакеті берілмеген жағдайда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өтініш берушіден салық қызметі органынан салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша кешіктірілген мерзімге берешегінің жоқ екендігі туралы құжат сұратуға құқылы. <*>

шет ел банктерінің шоттар ашуға және жүргізуге келісімі туралы хатын, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сұрау салуына орай ақпараттар беруді және клиенттің шоттары бойынша көшірмелерді Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне дер кезінде беруді; <*>

Қазақстан Республикасының уәкілетті органында заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесін; <*>

салық органының соңғы есеп беретін күнгі белгісі қойылған заңды тұлғаның жылдық балансы (шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін); <*>

лицензиялық алымға төлем жасағанын қуаттайтын құжаттарды ұсынады.

2) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде ашылған заңды тұлғалардың-резиденттердің өкілдіктері: <*>

заңды тұлға өкілдігінің және валюта есепшоты ашылуы көзделген шетелдік банктің тұрған жері және деректемелері көрсетілген өтініште (шағын кәсіпкерлік субъектісі заңды тұлға берген өтініште осы заңды тұлғаның шағын кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын растайтын жазба болуы тиіс), сондай-ақ өкілдік ашу туралы бұйрықтың және ол туралы ереженің нотариалды куәландырылған көшірмелері; <*>

осы өкілдікті құрған заңды тұлғаның құрылтай құжаттарының нотариалды куәландырылған көшірмелері; <*>

лицензия беру туралы өтініш бергенге дейін 10 күнтізбелік күннен аспайтын уақыт бұрын берілген бюджетке салық және басқа міндетті төлемдер бойынша берешегінің жоқ екендігі жөніндегі салық органының құжаты. Құжаттардың толық пакеті берілмеген жағдайда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өтініш берушіден салық қызметі органынан салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша кешіктірілген мерзімге берешегінің жоқ екендігі туралы құжат сұратуға құқылы; <*>

шет ел банктерінің шоттар ашуға және жүргізуге келісімі туралы хатын, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сұрау салуына орай ақпараттар беруді және клиенттің шоттары бойынша көшірмелерді Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне дер кезінде беруді; <*>

заңды тұлғаның Қазақстан Республикасының уәкілетті органында мемлекеттік тіркелгені туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесін;

салық органының соңғы есеп беру күні белгі қойған заңды тұлғаның жылдық балансын (шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін); <*>

лицензиялық алымға төлем жасағанын қуаттайтын құжаттарды ұсынады.

3) жеке тұлғалар - Қазақстан Республикасының резиденттері: <*>
шот ашу қажеттігінің негіздемесімен қоса өтінішті;
жеке басын куәландыратын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесін; <*>

лицензиялық алымға төлем жасалғанын қуаттайтын құжаттарды ұсынады.

Ескерту: 3.4-тармақ толықтырылды және өзгертілді- ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 20 шілдедегі N 309 қаулысымен. V001207_

3.5. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шағын кәсіпкерлік субъектісі ұсынған резиденттердің шетел банктерінде есепшот ашуына лицензия беру туралы өтінішін осы Ережеге сәйкес барлық тиісті құжаттарды берген күннен

бастап он күн ішінде қарауға тиіс. <*>

Ескерту: 3.5-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 20 шілдедегі N 309 қаулысымен. V001207_

3.6. Резиденттердің шет ел банктерінде шоттар ашуына берілген лицензияларды өзге адамдарға беруге болмайды. <*>

Ескерту: 3.6-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 20 шілдедегі N 309 қаулысымен. V001207_

3.7. Шет елде ашылған валюта есепшоттарының режимі:

1) осы есепшоттарға лицензия шарттарында аталған валюта қаражаты ғана, ал қалғандары - Қазақстан Республикасының банктеріндегі есепшоттарға түсуі тиіс;

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясында белгіленген лимит сомасынан асатын қаражат қалдығы Қазақстан Республикасының уәкілетті банкіне аударылуға тиіс;

3) есепшот ашылған шетелдік банк ай сайын, есеп берілген айдан кейінгі айдың 10-на дейін есепшоттан алынған көшірмелерді Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне жібереді;

4) есепшот иелері тоқсан сайын, есеп берілген айдан кейінгі айдың 20-на дейін осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес есепшоттағы қаражаттың қозғалысы туралы есеп беріп отырады. <*>

Ескерту: 3.7-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 20 шілдедегі N 309 қаулысымен. V001207_

3.8. Резиденттер шет елдерде ашатын Қазақстан Республикасының валютасындағы шоттардың режимі шот ашу жөніндегі шарттарға сәйкес белгіленеді.

3.9. Шет елдерде шоттар ашуға лицензиялар беруден бас тарту мынадай жағдайларда:

Қазақстан Республикасының өкілетті банктері арқылы шет ел валютасымен және теңгемен операциялар жүргізу мүмкіндігі бар болғанда;

барлық қажетті құжаттарды бермегенде;

қасақана теріс ақпараттар бергенде жүргізіледі.

3.10. Шет елдерде шоттар ашуға лицензиялар беруден бас тарту кезінде

өтініш иесіне бас тарту себебін көрсете отырып жазбаша түрде дәлелді жауап қайтарылады.

3.11. Шет елдерде шоттар ашуға лицензияларды тоқтату немесе кері

шақырып алу мынадай негіздер бойынша:

қызмет процесінде лицензия мазмұнындағы талаптарды сақтамағанда;
алты келесі күнтізбелік ай ішінде шот бойынша қаржы қозғалысы
болмағанда;

Ұлттық Банкке ақпараттарды бермегенде немесе қасақана теріс
ақпараттар бергенде жүргізіледі.

3.12. Ұлттық Банктің шет елдерде шоттар ашуға берілген лицензияның
күшін оны тоқтату себебін көрсете отырып, алты айға дейінгі мерзімге
тоқтатуға құқығы бар.

3.13. Шет елдерде шоттар ашуға берілген лицензия өз күшін мынадай
жағдайда:

лицензия кері шақырып алынғанда;

заңды тұлға қайта құрылғанда немесе таратылғанда тоқтатады.

Ескерту: 3.13-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының
2000 жылғы 20 шілдедегі N 309 қаулысымен.

V001207_

4. Осы ережеде көзделген тәртіпті бұзғаны үшін жауапкершілік

4.1. Осы Ережеде көзделген тәртіпті бұзғаны үшін жауапкершілік
Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес қолданылады.
Ұлттық Банк Төрағасы

№ 1 қосымша

Қазақстан Республикасының
резиденттері беретін
кредиттерді игеру және қызмет
көрсету туралы мәлімет
19 __ ж. _____ тоқсан

_____ - Кредитордың мәртебесі
 (кредитордың атауы)

_____ - мемлекеттік кәсіпорын
 (займшының атауы) - бірлескен кәсіпорын

_____ - жекеменшік кәсіпорын
 (кредит валютасының атауы) және басқалар

ҚҰБ лицензиясының номері _____

А. Есеп беру кезеңінің басындағы берешек

1. Қарыздың негізгі сомалары				
одан:				
1а. Негізгі қарызды өтеу бойынша мерзімі өткен төлемдер				
2. Мерзімі өткен проценттік төлемдер				
3. Мерзімі өткен комиссиялық және басқа төлемдер				
4. Мерзімі өткен төлемдерден төленбеген айыптар				
5. Барлығы (1+2+3+4)				

Б. Тоқсандағы операциялар

6. Игерілген				
7. Негізгі қарызды өтеу шотына есептелген төлемдер				
8. Есептелген проценттік төлемдер				
9. Есептелген комиссиялық төлемдер				
10. Мерзімі өткен төлемдерге есептелген өсімдер				
11. Өтелген негізгі қарыздар				
12. Төленген проценттік төлемдер				

13.	төленген комиссиялық және басқа төлемдер		
14.	мерзімі өткен төлемдерге төленген айыптар		
15.	Барлық төлемдер (11+12+13+14)		
В. Есеп беру кезеңінің соңындағы берешек			
16.	Қарыздың негізгі сомалары (1+6+11) оның ішінде:		
16а.	негізгі қарызды өтеу бойынша мерзімі өткен төлемдер (1а+7-11)		
17.	мерзімі өткен проценттік төлемдер (2+8-12)		
18.	мерзімі өткен комиссиялық және басқа төлемдер (3+9-13)		
19.	мерзімі өткен төлемдерге төленбеген айыптар (4+10-14)		
20.	қарыздың барлық сомасы (16+17+18+19)		

19 ___ ж. " ___ " _____ Басшы _____
 _____ Бас бухгалтер _____

(Орындаушы, телефоны)

№ 2 қосымша

Қазақстанның заңды тұлғаларының шет елдердегі тікелей
 және портфельді инвестициялары бойынша мәліметтер
 Кәсіпорынның атауы

Почталық мекен-жайы, телефоны, факсы

Әріптес - ел (дер)

Әріптес - фирма (лар)

Көрсеткіш атауы	Есеп беру кезеңінің Есеп беру басындағы жинақтал. кезеңінде			
	ған құн	түскені		
	\$ мың	мың теңге	\$ мың	мың теңге
Қазақстанның заңды тұлғасының жарғылық қордағы нақты үлесі				
шет елдердегі кәсіпорындар % есебімен		X		X
Тікелей инвестициялар, барлығы:				
- жарғылық қорға жарналар оның ішінде:				
- капитал				
- жабдықтар, тауарлар, түрінде т.б.				
- шетелдік кәсіпорынға жүзеге асырылған кредиттер, несиелер, займдар				
оның ішінде:				
игерілген				
- өтеуге есептелгені				
- өтелгені				
- тағы басқалар (нақты көрсету керек)				
Портфельдік инвестициялар,				

барлығы									
- акциялар									
- қарыз бағалы қағаздар									
- тағы басқалар (нақты көрсету керек)									
Инвестициялардан түскен табыстар									
- дивидендтер									
- қайта инвестицияланған табыстар									
- өтелген проценттер									
- есептелген проценттер									

Ескерту: (Өз кәсіпорыныңыздың ерекшелігіне байланысты болуы мүмкін түсіндірмелерді, анықтауларды көрсету керек)

Құжатты толтыру мәселесі бойынша Ұлттық Банкке хабарласу керек, 480070, Алматы қаласы, "Көктем-3", 21

Төлем балансы және капитал қозғалысы басқармасы тел: 50-49-25 | 50-48-24 |

Орындаушының А.Ф.Ә. _____ Басшының немесе бас кәсіпорын _____ бухгалтердің қолы телефоны _____

№ 3 қосымша

Шетелдік банк шотындағы қаржы қозғалысы

туралы есеп беру

1997 жылғы " ____ " _____

Қазақстан Республикасындағы
қызмет көрсетуші банк

Шот ашылған жердегі банктің атауы Ел

Шоттың номері Валюта шоты

жолдар шот валютасының мың АҚШ			
Операциялардың атауы		коды	мың бірлігінде долларына
А	Б	В	Г
Кезең басындағы қалдықтар		01	
Кезеңдегі түскен қаржы - барлығы		02	
- тауарды өткізуден және негізгі			
қызмет бойынша қызмет көрсетуден		03	
түскен			
одан алдын ала төлем жасай отырып		04	
- заңды тұлғалардың акцияларын			
сатудан түскен		05	
- бірлескен инвестициялық жоба.			
ларды қаржыландырудағы шетелдік			
инвесторлардың үлесі ретінде		06	
одан заем, несие түрінде		07	

- шетелдік тікелей инвесторлардың түрлі несиелерін, заемдарын игеру есебіне	08			
- басқа резидент еместердің несиелерін, заемдарын игеру есебіне	09			
- заңды тұлғаның басқа да шоттарының аудару тәртібімен	10			
- одан ҚР банктеріндегі шоттардан	11			
- резидент еместердің қайтарымыз төлемдері (кепілдіктер, демеушілік аударымдар, сыйлықтар) түрінде	12			
- басқа да түсімдер	13			
Кезең ішінде жұмсалған қаржылар - барлығы	14			
<hr/>				
- тауарлар сатып алуға оның ішінде:	15			
машиналар, жабдықтар және басқа капитал тауарлары	16			
шикізат, жартылай фабрикаттар және басқа айналым қаржылары	17			
басқа да тұтыну тауарлары	18			
- резидент еместердің қызметіне төлем жасауға оның ішінде:	19			
құрылыс	20			
байланыс	21			
геофизикалық, сейсмикалық тағы да басқа	22			
тағы да басқа	23			
тауарлар мен резидент еместердің қызметіне алдын ала төлем жасауға барлығы	24			
- салықтар мен басқа да міндетті төлемдерге төлем жасауға	25			
- резидент еместерге еңбекақы төлеуге	26			
- инвесторлардың дивидендтері мен				

пайдасына төлем жасауға	27		
- алынған кредиттер, несиелер бойынша проценттерді өтеуге одан тікелей инвесторлардан тартылғандары бойынша	28		
- алынған кредиттер, несиелер бойынша қарыздың негізгі сомаларына төлем жасауға одан тікелей инвесторлардан тартылғандары бойынша	29		
- алынған кредиттер, несиелер бойынша қарыздың негізгі сомаларына төлем жасауға одан тікелей инвесторлардан тартылғандары бойынша	30		
- заңды тұлғаның басқа да шотына аудару үшін одан ҚР банктеріндегі шоттарға	31		
- басқа да шығындар	32		
	33		
	34		
Кезең соңындағы қалдықтар	35		

Бас бухгалтер _____
(Ф,А,Ә,)

Орындаушы _____
(Ф.А.Ә, телефоны)

19 ж. " ____ " _____

Құжатты толтыру мәселесі бойынша Зерттеу және статистика департаментіне хабарласу керек. Тел: 504-925, 504-824.

4 Қосымша

<*>

Ескерту: 4 қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының

1999 жылғы 23 қыркүйектегі N 304 қаулысымен.
V990983_

19__ жылдың _____ айындағы
шетел валютасының қозғалысы жөнінде мәліметтер

Ұйымның атауы _____
Пошталық мекен-жайы, телефоны, факсі _____

Алған лицензиясының номері _____
(валюта бірлігімен)

Көрсеткіштің атауы	USM DEM RUR	басқалары
	(валюта түрі көрсетілсін)	

1. Есеп беру кезеңінің бас кезіндегі
шетел валютасының қалдығы, барлығы
оның ішінде:

- кассадағы қолма-қол ақша
- уәкілетті банктердегі валюталық
есепшоттарда

2. Шетел валютасы түсті, барлығы,
оның ішінде:

- көрсетілген қызмет үшін, барлығы
оның ішінде:
- қолма-қол шетел валютасы
- сатылған тауарлар үшін, барлығы
оның ішінде:

3. Шетел валютасы жұмсалды, барлығы:
оның ішінде:

- қолма-қол шетел валютасы
- іссапар шығыстарына
- резидент еместердің жалақысына

- басқалары (талдама жасалсын)

4.1. Есеп беру кезеңінің аяқ кезіндегі
шетел валютасының қалдығы, барлығы
оның ішінде:

- кассадағы қолма-қол ақша
 - уәкілетті банктердегі валюталық
есепшоттарда
-

Ұйымның басшысы _____

Бас бухгалтер _____

Орындаушы _____ (Аты-жөні, тел.)

Мәліметтер Валюталық реттеу және бақылау басқармасына беріледі, осы
мәселе жөнінде 504-575, 504-683 телефондары бойынша хабарласыңыз.

Шетел валютасын пайдалануға байланысты

қызметті лицензиялау тәртібі туралы
ережесіне

№ 5 қосымша

<*>

Ескерту: 5 қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының
2000 жылғы 20 шілдедегі № 308 қаулысымен. V001208_

Ұлттық Банкке есеп берілетін кезеңнен

кейінгі айдың 10-на дейін тапсырылады

Резидент еместердің бағалы қағаздарға инвестициялары

туралы мәліметтер

_____ жылдың _____ айы

(бағалы қағаздардың әрқайсысы бойынша толтырылады)

Ұйымның атауы _____

Пошталық мекен-жайы, телефоны, _____

Ұйымның (ОКПО) коды _____

Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногын реттеу және
қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органы алған лицензияның
номері _____

Ұлттық Банк алған лицензияның номері _____

Бағалы қағаздың атауы және тіркеу номері _____

Бағалы қағаздың номиналды құны _____

Эмиссия валютасы _____

Эмитенттің атауы _____

Экономика секторы және эмитенттің елі _____

Саны, дана көлемі,
мың АҚШ доллары

А	Б	1	2
---	---	---	---

Есеп беру кезеңінің басында 10

Қаржы операциялары 20*

Алғашқы эмиссия кезінде сатып 25

алынғаны

өтелгені/сатып алынғаны	30	
қайталама рыноктан сатып алу	35	
- резиденттерден	40	
- резидент еместерден	45	
қайталама рынокта сату	50	
- резиденттерге	55	
- резидент еместерге	60	
Құндық және басқа өзгерістер	70	
Есеп беру кезеңінің аяғында	80**	X
Кіріс	90	
(есептелген проценттер, нақты алынған дивидендтер)	95	X

* $20=25-30+35+50$

** $40=10+20+70$

Анықтама үшін (орташа алғанда ай сайын):

Басқарудағы зейнетақы активтері, барлығы, мың теңге _____

Оның ішінде, резидент еместердің бағалы қағаздарына

рұқсат етілген инвестициялар үшін мың теңге _____

резидент еместердің бағалы қағаздарына нақты

инвестициялаған активтері, мың теңге _____

оның ішінде, осы бағалы қағаздарға инвестициялаған активтері,

мың теңге _____

Ұйымның басшысы _____

Бас бухгалтер _____

Орындаушы _____ (аты-жөні, тел.)

Мәліметтер нысанын толтыру бойынша нұсқаулар алу үшін ҚРҰБ Валюталық реттеу және бақылау басқармасына өтініш жасау керек, тел. 504-683.

Валюталық құндылықтарды пайдалануға

байланысты қызметті лицензиялау
ережесіне N 6 қосымша

<*>

Ескерту: 6 қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының
2000 жылғы 30 қазандағы N 413 қаулысымен. V001362_

Ұлттық Банкке есеп беру тоқсанынан

кейінгі айдың 10-күніне дейін ұсынылады

20 ____ ж. _____ тоқсан бойынша

Резидент кредит ретінде резидент еместен алатын шетел валютасын
үшінші тұлғаның есепшотына есептеу жөніндегі операциялар бойынша
мәліметтер

Кредитордың атауы, резиденттік елі
Заемшының атауы
Пошта мекен-жайы, телефоны
Заемшының КҰЖЖ коды
Ұлттық Банк лицензиясының нөмірі
Ұлттық банк тіркеу куәлігінің нөмірі
Кредит валютасы
Кредит сомасы

Кредит шартының шеңберінде жасалған келісім-шарттың деректемелері

Келісім-шарт! Қол !Импорттер-резиденттің!Үшінші тұлғаның !Мәміле
N ! қойылған! деректемелері ! деректемелері !паспорты.
! күні ! ! !ның дерек.
! ! ! !темелері
! ! ! !(қосымша
! ! ! !парақ)

Атауы Мекен- КҰЖЖ Атауы Мекен-жайы N Ресімдеу
жайы коды күні

1 2 3 4 5 6 7 8 9

Таблицаның жалғасы

Келісім-шарт !Кредитордың !Есеп беру кезеңінде резидент пайдасына
сомасы !есеп беру ке!міндеттемелер орындалды
!зеңінде үшін!
!ші тұлғаның !
!пайдасына ау!
!дарылған !

Келісім-шарт Мың Бұрынғы кезеңдерде Есеп беру
валютасында, АҚШ төленген сомалар кезеңінде
мың бірлік дол. бойынша төленген
ларында сомалар бойынша

10 11 12 13 14

"__" _____ 20 ____ ж.

Басшысы _____

Бас бухгалтері (М.О.)

(Орындаушы, телефоны)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК